

Өмірбекова Ә.Ө.

философия ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, философия және саясаттану факультеті, дінтану және мәдениеттану кафедрасының доценті, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: aliaomirbek@mail.ru

МӘДЕНИЕТ ДАМУЫНДАҒЫ ДӘСТҮР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ

Мақалада дәстүр мен жаңашылдық арақатынасының теориялық аспектілері, сонымен қатар, мәдениеттің ары қарай даму ерекшеліктері көрсетілген. «Дәстүр» және «жаңашылдық» мәселесі ғылымда маңызды мәселелердің бірі болып саналады. Дәстүр мен жаңашылдық мәселесі адамзат мәдениеті мен тарихының түрлі сатыларында көрініс тапқан. Дәстүр белгілі бір рәміздер мен білімдер жиынтығы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, алғашқы қауым ұжымының мүшелерімен игеріліп отырған алғашқы қауым мәдениетінде пайда болды. Ендігі таңда өркениеттің пайда болуы мәдени жаңашылдықты талап етті. Ал өркениет дәстүрмен етене біріккен ұжымның аясында қалыптасады. Үнемі даму үрдісін қамтамасыз ету үшін жаңашылдық үрдіс сүйене алатын өзек қажеттілігі пайда болды. Осы орайда, дәстүр өркениет негізделетін мәдени өзекке айналды. Сондықтан да алғашқы өркениет дәстүр шеңберінен шығатын шығармашылықтың нәтижесі ретінде пайда болған еді.

Түйін сөздер: мәдениет, дәстүр, жаңашылдық, этномәдениет, өркениет, сұхбат, әдет-ғұрып, құндылықтар.

Omirebekova A.O.

The faculty of philosophy and political science, al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Алматы, e-mail: aliaomirbek@mail.ru

Traditions and innovations in the development of culture

This article discusses the theoretical aspects of the relation of tradition and innovation, the peculiarities of culture. Concept of tradition and innovation can be related to the different layers of human culture, human history. The tradition originated and developed in primitive culture where a certain set of symbols and knowledge handed down from generation to generation, and mastered by all members of the primitive group. While the birth of civilizations as a center in the middle of the primitive peripheral needed something more, namely the emergence of cultural innovation. In order to establish an ongoing process of growth were required to base core on which to build the innovation process. That tradition has become a cultural nucleus on which civilization rests. Because the first civilizations arise as the result of creativity that goes beyond tradition.

It is known that the the Strategy of Innovative Industrial Development of Kazakhstan was adopted by Decree of Nursultan Nazarbayev, the President of the Republic of Kazakhstan. Many opinions were uttered and analytical scientific research works were done on this issue. Innovative trends in a society are driven by the fast pace of changes in technology and manufacturing equipment. The driving force for these changes is the immensity of information in all the spheres of industrial and social activities. Industrial development and enhancement is fostered by a man, his knowledge, expertise, skills, and creativity.

Key words: culture, tradition, innovation, ethnic culture, civilization, dialogue, customs, values.

Омирбекова А.О.

кандидат философских наук, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, факультет философии и политологии, доцент кафедры религиоведения и культурологии, Казахстан, г. Алматы, e-mail: aliaomirbek@mail.ru

Традиции и инновации в развитии культуры

В данной статье рассмотрены теоретические аспекты соотношения традиции и инновации, также особенности развития культуры. Понятия традиции и инновации могут быть соотнесены с разными пластами человеческой культуры, человеческой истории. Традиция возникла и развивалась в первобытной культуре, где определенный набор символов и знаний передавался из поколения в поколение и осваивался всеми членами первобытного коллектива. В то время как для рождения цивилизаций как центров посреди первобытной периферии потребовалось нечто большее, а именно появление культурных инноваций. Для того чтобы наладить постоянный процесс роста, требовалось наличие базы ядра, на которое мог бы опираться инновационный процесс. Именно традиция стала культурным ядром, на котором зиждется цивилизация, потому что первые цивилизации возникают как результат творчества, выходящего за рамки традиций.

Ключевые слова: культура, традиция, инновация, этнокультура, цивилизация, диалог, обычаи, ценности.

Еліміз тәуелсіздік алып, жаңа даму жолына түскен кезеңнен бастап, тарихи мұраны, ұлттық мәдениетті қайта жаңғыртуға қатысты ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру жан-жақты қолдау табуда [1, 27 б.].

Дәстүр мен жаңашылдық, әлемдік супермәдениеттердің арасындағы айқын үйлесімді теңдік өте күрделі процеске жатады және оның орындалуы көп шарттарды қажет етеді. Өткенге оралу, өшкенді жандыру, діни қайта өрлеу, шашыраған құндылықтарды түгендеу, жаппай батыстандыруды есептемегеннің өзінде, белсенді модернизация аймағында жүреді. Мұндай құрылым ерікті де, еріксіз де мәдениеттің шығармашылық күйіне сүйенеді. Өйткені, мәдениет барынша қалыптасқан жүйе, дегенмен оның шарықтауына бөгде күштер ықпал етері анық. Мәдениет – ескі мен жаңаның, өзіндікі мен өзгенікінің өзара қатынастары, оларды игеру мен жатсыну, мұралану және ажырау процестері [2]. Демек, мәдениеттің әрбір күйі бір мезет сияқты, бірақ бұл сәт ешқашан шектелмейді, әрі аяқталмайды.

Сонымен қатар, дәстүрлі мәдениет пен жаңашылдық (инновация), батыс мәдениеті мен өркениетінің экспансиялық тарихы, батыстық және шығыстық мәдениеттердің өзара сұхбаты мен қақтығыстары ғалым-философтар да талқылаған мәселе болып келеді. Бұл тақырыпты батыстық, ресейлік, шығыстық және отандық зерттеушілер әр түрлі, тіпті кейде қарама-қарсы позициялардан зерделеген. Қарама-қарсы позицияларын бір-біріне қарама-қайшы келсе, диалектика заңына сәйкес дамудың алғышарты болып табылады. Осы тұрғыда дәстүр мен жаңашылдық мәселесінің әрқайсысына жек тоқталып өтсек.

Диалектика тұрғысынан дамитын әрбір процесс тәрізді мәдениет феномені тұрақты және дамитын (жаңашылдық) белгілерге ие. Мәдениеттің тұрақты белгісі – бұл мәдени дәстүр. Яғни, осы мәдени дәстүр арқылы тарихта адамзат тәжірибелері жиналады және ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады. Және әрбір жаңа ұрпақ ата-бабалары жинақтап қалдырып кеткен тәжірибелерге өз іс-әрекеттерінде сүйеніп осы тәжірибе, үлгі-өнегелердің маңыздылығын арттыра түседі.

Дәстүрді қадірлеп ұстанатын қоғамда мәдениетті игеру кезінде осы мәдениеттің үлгілері қайта жаңғыртылады, тіпті, қандай да бір өзгерістерді енгізсе де, тек дәстүр шеңберіне сай қасиеттерді енгізеді [3].

Дәстүр негізінде мәдениет өз қызметін атқарады. Дәстүрдің маңыздылығы, тіпті, шығармашылық маңыздылығынан да жоғары, сонда, шығармашылық дегеніміз адам баласының өзін мәдениет субъектісі ретінде қалыптастыруы болып табылады, ал мәдениеттің өзі – материалды және идеалды объектілерге толы әрекеттердің дайын және стереотипті бағдарламалар жинағы. Стереотипті бағдарламалар – бұл салт-дәстүрлер, рәсімдер және т.б. Бағдарламалардағы өзгерістердің өзі өте баяу жүреді. Осылай алғашқы қауымдық қоғамда және дәстүрлі мәдениеттің соңғы кезеңдерінде болады.

Мұндай тұрақты мәдени дәстүр белгілі бір жағдайларда адамдар тобының өмір сүруі үшін қажет. Ал, егер қандай да бір қоғам гипертрофиялық (шамадан тыс жоғарылату) дәстүрліктен бас тартып, мәдениеттің динамикалық түрлерін ары қарай дамытса, онда адамдар мәдени дәстүрлерден мүлдем бас тарта алады де-

ген сөз емес. Ешбір жеке адам, халық және мемлекет мәдениеті дәстүрсіз өмір сүре алмайды.

Мәдени дәстүр тарихи естелік ретінде мәдениеттің өмір сүру шарты ғана емес, сонымен қатар, мәдениеттің дамуына ықпал жасайтын жағдай. Жаңа заман мәдениетін диалектика жолымен теріске немесе жоққа шығара отырып, «ескі» мәдениеттің жақсы деген қасиеттерін сараптап, зерттеп өз бойына сіңіреді. Бұл процесс – қалыпты процесс, яғни мәдениет саласында әрекет ететін және аса маңызды мәнге ие дамудың жалпы заңы болып табылады [4, 238 б.].

Мәдениеттегі дәстүрлер және мәдени мұраларға деген қарым-қатынас мәдениеттің тек сақталуына ғана емес, сонымен қатар, мәдениеттің ары қарай дамуына да септігін тигізеді, яғни «ескіні» ескере отырып, жаңа мәдениетті шығармашылық әрекет барысында қалыптастыру. Дегенмен, шығармашылық процестің өзі шығармашылық әрекет субъектісі арқылы жүзеге асады. Бірақ, тағы бір айтар жайт – барлық новаторлық (жаңашылдық) дүние мәдениет шығармашылығы емес. Әрбір мәдениет шығармасы ерекшелік немесе өзгешелікпен тығыз байланысты. Әрбір мәдени құндылықтар бір-бірін қайталамайды (көркем шығармалар, әрбір мәдени жаңалық, т.б.). Рухани дүниені ұмыттыру, жадыдан өшіру әрекеттері тарихта орын алған, дегенмен де мәдени мұра жаңа мәдени серпіліс алуға мүмкіндік береді [5, 138].

Әлемге мәлім болған мәдени дүниені әр түрлі пішінде шығару – бұл мәдениетті пайымдау нәтижесі емес, керісінше, тарату болып табылады. Бірақ мұның өзі де қажет, өйткені қоғамдағы мәдениеттің қызмет ету процесіне адамдарды әрекет етуге араластырады. Ал мәдениет шығармашылығы адам баласының мәдениетті пайымдау әрекетінің тарихи даму процесінің құрамында міндетті түрде жаңаның болуын талап етеді, сөйтіп, ол инновацияның қайнар көзі болып табылады.

Жаңа дүниенің барлығы мәдениет құбылысы емес және мәдени процестің құрамындағы барлық жаңалықтар мәдениеттің гуманистік күштеріне жауап беретін және алдыңғы қатарлы болып табылмайды. Мәдениетте прогрессивті және реакциялық (жауап қайтару) үрдістер бар. Мәдениет дамуы – қарама-қайшылықты процесс, мұнда белгілі бір тарихи кезеңнің әлеуметтік таптық, ұлттық мүдделерінің қарама-қарсылығы көрінеді. Мәдениетте алдыңғы қатарлы және прогрессивті нышанды бекіту үшін күресу керек [6].

Әрбір ұлт мәдениетінде жалпы адамзаттық ұнамдылық принциптеріне негізделген консервативті дәстүрлер еркін жеке тұлғалық рухани ізденіспен бірлесіп, үйлесімділікті құраса, осы мәдениеттің қайталанбас ерекшеліктері сақталады. Ұлт мәдениеті оқшауланып өмір сүруі тиіс емес, оған сұхбат және жалғастық қажет. Мәдениет сұхбаты көлденеңнен (бұл жерде, яғни бір уақыттық кеңістікте сұхбат, өзара ықпал ету, өзара ену процестері жүреді) де, тігінен (өткен уақыт осы шаққа және болашақ уақытқа тәжірибе, сабақ ретінде қызмет етеді) де жүреді.

Өзгеріс мәдениеттің бөлінбес ерікшелігі болып есептеледі және оның бойында мәдени құбылыстардың ішкі «трансформациялық» өзгерістер (белгілі бір уақыт аралығында олардың өзгеруі) мен сыртқы өзгерістер (өзара әрекет ету, кеңістікте орын ауыстыру, т.б.) болады. Осыған байланысты мәдениеттің біртіндеп жүретін қозғалыс және бір күйден екінші бір күйге ауысу процестері жүреді [7, 123 б.].

Ал енді инновация мәселесіне келер болсақ, инновация деп адамдар өміріндегі жағдайларды, ойлау жүйесінің немесе дүниені қабылдаудың жаңа түрін қалыптастыруға бағытталған кейіптердің, рәміздердің, әдеп-ғұрып ережелерінің, іс-әрекеттердің жаңа түрлерін шығару және қалыптастыру процесінің нәтижесін айтуға болады. «Инновация» термині «innovus» (novus – жаңа, innovare – жаңаны жасау) латын сөзінен шыққан, ол «жаңару» немесе «жақсару» деген мағыналарды береді [8, 247 б.]. Сонымен қатар, бұл терминнің кең мән-мағынасын Оксфордтың түсіндірме сөздігі былай деп береді: «конструктық әрекетте, өндірісте және тауарды өткізуде қандай да бір жаңа ыңғайлар, нәтижесінде, инноватор немесе оның компаниясы бәсекелестеріне қарағанда белгілі бір артықшылықтарға ие болады. Патенттерді пайдалана отырып, жетістіктерге қол жеткізген новатор уақытша монополияны қамтамасыз етеді, бірақ та, кей жағдайларда оның бәсекелестері басқа пайдалы нарыққа шығуға мүмкіндіктерді іздейді. Кейбір компаниялар қалыптасып қалған сұранысқа бағытталған жаңа өнімдерді шығара бастайды, ал екінші біреулері жаңа нарықтарды қалыптастыратын технологиялық жаңалықтарды ойлап табады» [9, 736 б.].

«Инновация» терминін жаңа экономикалық категория ретінде ХХ ғасырдың бірінші онжылдығында ғылымға енгізген австриялық (кейіннен американдық) ғалым Йозеф Алоиз Шумпетер (J. A. Schumpeter, 1883-1950) болатын. Й. Шумпетердің ойы бойынша, иннова-

ция пайданың басты қайнары болып табылады: «пайда, табиғатынан, жаңа топтамаларды орындаудың нәтижесі болып табылады», «дамусыз пайда жоқ, пайдасыз даму жоқ». Ол өзінің «Экономикалық даму теориясы» (1911) деген еңбегінде алғаш рет дамудағы өзгерістердің жаңа топтамасы (яғни, инновация мәселелерін) мәселесін қарастыра отырып, инновациялық процестің толық бейнесін берді. Сөйтіп, Й. Шумпетер дамудағы бес өзгерістерді атап көрсетті:

а) жаңа техниканың, технологиялық процестердің пайдалануы немесе өндірістің жаңа нарығын қамтамасыз етілуі;

б) жаңа қасиеттерге ие өнімдердің енгізілуі;

с) жаңа шикізаттың пайдалануы;

д) өндірісті ұйымдастыруда және оның материалды-техникалық қамтамасыз етуде өзгерістің болуы;

е) жаңа нарықтың пайда болуы.

«Негізінде, инновация тек экономика ғылым саласында ғана емес, сонымен қатар, қоғамның басқа да салаларында әрекет етеді. Мысалы, адамдар өмірінде саяси қарым-қатынастар, өнер, қоршаған ортаны сақтау мәселелері, мәдени-аралық қарым-қатынастар және т.б. инновациялық туындылар дүниеге келіп жатады [10, 288 б.].

«Қазіргі заман ұғымдары мен терминдерінің қысқаша сөздігінде» инновация терминіне мынадай анықтама берілген: «Инновация (ағылшынша «innovation» – жаңалық, жаңа енгізулер, латын тілінен innovation – жаңғырту, жаңарту) бірнеше мағыналарды береді.

– техника мен технологияның заман талабына сай ауысуын қамтамасыз ететін экономикаға қаражаттың құйылуы;

– ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерінің нәтижесі болып табылатын жаңа техника мен технология;

– жаңа идеялардың дүниеге келуі, жаңа теориялар мен модельдердің қалыптасуы және олардың қоғам өмірінде қызмет етуі;

– морфологияда жаңадан қалыптасқан құбылыс» [11, 399 б.].

Осы сөздіктерде берілген анықтамаларға негізделі отырып, инновациялар – бұл әлеуметтік-мәдени өзгерістер үшін қажетті алғышарттарды тудыратын жаңа технологиялар мен жаңа мінез әрекеттерді қалыптастыру механизмі деп ой тұжырымдалық. Қоғамның бейімделуге деген қабілеттілігі, яғни адам баласына және адамзатқа қиындық туғызатын мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін қабілеттілігі, тари-

хи тұрғыда аса маңызды рөлге ие емес, бірақ та адам баласы мәдениетінде шынайы өмірді көрсететін, әрекеттерді тасымалдайтын және жаңалықтың элементтерін ендіретін рәсім, ойын процестерінде және тағы да басқа әрекеттерде туындайды. Инновация адам баласының шығармашылыққа деген қабілеттілігіне және осы шығармашылық нәтижелерін қауымдастықтың қабылдап алу немесе бейімдеп алу мүмкіндігіне тәуелді болады.

Кейбір мәдениеттер қоғамның дәстүрлігіне және инновацияның қолдауына ие болады. Индивидтің санасында туындайтын жаңа идеялар қоғамда кең қолданысқа ие болып жатады, ал мұның өзі әлеуметтік-мәдени өзгерістер үшін мүмкіндік туғызады. Тарату, қабылдау немесе қабылдап алмау, модификация үрдістерінің өзі шығармашылық-инновациялық процестер болып табылады. Дәстүр мен жаңашылдық арасындағы ара-қатынас адамзат қауымдастығының бейімделу стратегиясының дамуын анықтайтын тарихи жағдайларға және шарттарға байланысты болады [12, 180 б.].

Адамдық мәдениет он мың жыл ішінде тас балтадан ғарышты игеру жолын өтті. Мәдениет ешқашанда бір орында тұрған емес: дүниеге келді, дамыды, бір аймақтан екінші бір аймаққа таралды, ұрпақтан ұрпаққа мұра болып беріліп отырды; әр уақытта материалды және рухани өнімдермен толықтырылып отырады. Мәдени өзгерудің көптеген түрлері мәдениет антропологиясында «мәдениет динамикасы» ұғымымен анықталады. Ал «мәдениет динамикасы» деп сыртқы және ішкі себептер әсерімен жүретін адам баласындағы және мәдениеттегі өзгерістердің барлық түрлерін түсінуге болады. Өз кезегінде өзгеріс мәдениеттің ажырамас бір бөлігі болып табылады, оның құрамында мәдениет құбылыстарының ішкі трансформациясы (олардың уақыт аралықтарында өзгеруі) және сыртқы өзгерістер (өзара әрекеттесу, кеңістікте орын ауыстыру және т.б.) бар. Осыған байланысты мәдениеттің бірсызықты, қалыпты қозғалысы жүреді, яғни бір күйден екінші бір күйге ауысу процесі жүреді [13, 160 б.].

Сыртқы өзгерістер бар мәдени қалыптардың кеңеюі арқылы да, жаңа сапалы мәдениет формалардың дүниеге келуі арқылы да өздерін көрсетеді. Бұл кезде мәдениеттегі өзгерістер белсенділік түрінде немесе баяу қозғалыс түрінде жүреді және олар мәдениет динамикасындағы «темп» пен «ритмде» өз бейнесін табады [14, 30 б.].

Мәдени өзгеріс процесінде мәдени тәжірибенің әр түрлі элементтері дүниеге келіп, қалыптасып және кең таралады. Мәдениет антропологиясы мәдени динамикасының келесі бір бастауларын айрықша атайды:

- жаңашылдық, яғни инновация;
- мәдени мұраға бет бұру, еске алу;
- өзгеден алу;
- мәдени диффузия.

Жаңашылдық дегеніміз, жоғарыда айтылғандай, жаңа бейнелер, рәміздер, ережелер жүйелері, адам баласының өмір өзгертуге бағытталған іс-әрекеттердің жаңа түрлері; ойлау жүйесінің немесе дүниетанымның жаңа түрінің қалыптасуы. Жаңашылдықтың дүниеге келу себептерінің бірі – бұл белгілі бір индивидтердің, топтың үстемдік етіп отырған мәдени құндылықтарды, регулятивті ережелерді, дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды қабылдамауы және мәдени-әлеуметтік тұрғыдан оларды көрсететін ерекше жолдарды іздеу. Ал мұның өзі инновация тек дәстүрлі мәдениеттерде ғана емес, сонымен қатар, модернизациялық мәдениеттерде де болатынын көрсетеді. Бұқаралық деңгейдегі мәдени инновацияның туғызушылары кей кездерде өзге мемлекеттің немесе өзге әлеуметтік-мәдени ортаның өкілдері болып табылады [15, 700-703 бб.].

Жаңашылдықтың пайда болу себептерінің тағы бірі – белгілі бір жеке адамдардың немесе топтардың басқарушы позицияны алып отырған мәдени құндылықтарды, тиянақтаушы ережелерді, салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, әдеп ережелерін қабылдамауы, осының салдарынан өзінің жеке мәдени және әлеуметтік институттарын ішкі рухани әлеміне бейімдеп, қалыптастырады. Ал бұның өзі инновациялар дәстүрлі мәдениеттерде және қазіргі уақыт (модерндік) мәдениеттерінде пайда болады дегенді білдіреді. Бұқаралық деңгейде мәдени жаңашылдықтың тудырушылары көп жағдайларда белгілі бір қоғамға гетероген болып табылатын басқа бір әлеуметтік-мәдени ортаның немесе басқа бір мемлекеттің өкілдері болады.

Қандай да бір инновацияның шығу тарихы мәдени шынайлықта немесе тіршілік етіп отырған мәдени әрекетте абыройлы орынға ие бола алмаған қоғамның белгілі бір өкілдері осы новациялардың тасымалдаушылары болып табылады. Ал, мәдениеттегі инновациялық үрдістің себебі – өндірістік құрал-жабдықтар әр бір-екі жыл сайын өзгеріп отырады. Бұған (яғни, өзгеріске) күш беретін – өндірістің және қоғамның барлық іс-әрекеттерінде ақпараттың

кең көлемділігі. Ал өндірістің жаңаруы мен тиімділігінің жоғарылауына адам баласы, оның білімі, тәжірибесі, қабілеті, шығармашылық мүмкіндіктері өз ықпалын тигізеді. Осыған байланысты қоғамдық ағза тез қарқынды трансформацияға ұшырайды [16, 49-57 бб.].

Инновациялық пен дәстүрлілік өндіріс, ғылым, техника, мәдениет, экономика, өнер, т.б. дамуында өзарабайланысқан жүйелер болып табылады.

Мәдениеттанудың кең контекстінде дәстүрді қандай да бір дамудың қажетті шарты деп қарастыру қажет. Дәстүрін, өзінің тарихи ескерткішін жоғалтқан қоғам деградацияға ұшырайды. Өйткені ұрпақтар арасындағы байланыс үзіледі және үлкен әлеуметтік ортада маргинализация процесі, сонымен қатар, басқа да деструктивті процестер жүреді. Екінші жағынан, қоғам өзгермей өмір сүре алмайды. Сонымен, жалғастықтың жалпы мәдени принципінде инновациялықпен дәстүрліліктің бірлігі әлеуметтік прогрестің маңызды алғышарты болып табылады. Динамикалық түрде өзгертін бірлікте келесі тізбек қатарына, әдеттегі, қазіргі (қазіргі ғылым, қазіргі техника, қазіргі экономика, қазіргі саясат және т.б.) деп атайтын мәдениеттің элементтері кіреді. Ал инновациялық мәдениеттің негізгі мақсаты – ескі (өткен шақ, «классика»), қазіргі (осы шақ, «модерн») және жаңа (болашақ, «футур») арасындағы тепе-теңдікті қалыптастыру және оны сақтау [17, 1-6 бб.].

Инновациялық қабылдау ескі, қазіргі және жаңадан алатыны тең көлемді болмағандықтан, кей кездері, ескінің бөлінуіне, қазіргінің мобильденуіне және жаңаның экспансиясына түрткі болады. Әрбір ұлт, халық, қоғам, жеке адам мәдениеті өзгешелігін осы үштіктің өзара тәуелділігі қамтамасыз етеді.

Сонымен, инновациялық мәдениет – бұл инновациялық жүйеде ескі, қазіргі және жаңаның динамикалық бірлігін сақтай отырып, адам баласы іс-әрекетінің әр түрлі салалардағы жаңалықтарды мақсатты дайындықтың, кешенді ендірудің және жан-жақты игерудің білімі, қабілеттілігі және тәжірибесі. Басқа сөзбен айтқанда, бұл – жалғастық принципті ұстана отырып, еркін түрде жаңаны тудыру. Адам баласы мәдениет субъектісі ретінде қоршаған әлемді (табиғи, заттық, рухани әлемдерді) және өзін өзгертіп, жаңартып отырады [18, 32 б.].

Нәтижелей келе, мынадай қорытынды жасауға болады: «инновациялар – бұл әлеуметтік-мәдени өзгерістер үшін қажетті алғышарттарды тудыратын жаңа технологиялар мен жаңа

мінез әрекеттерді қалыптастыру механизмі». Қоғамның бейімделуге деген қабілеттілігі, яғни, адам баласына және адамзатқа қиындық туғызатын мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін қабілеттілігі, тарихи тұрғыда аса маңызды рольге ие емес, бірақ та, адам баласы мәдениетінде шынайы өмірді көрсететін, әрекеттерді тасымалдайтын және жаңалықтың элементтерін ендіретін рәсім, ойын процестерінде және тағы да басқа әрекеттерде туындайды. Инновация адам баласының шығармашылыққа деген қабілеттілігіне және осы шығармашылық нәтижелерін қауымдастықтың қабылдау немесе бейімдеп алу мүмкіндігіне тәуелді болады [19, 75-80 бб.].

Дәстүр мен Жаңашылдық арақатынасы кез келген ұлттың әлеметтік-мәдени динамикасында, әсіресе транзитті қоғамдарда күрделі және қайшылықты мәселелердің қатарына жатады. Олардың өзара әсерінің негізгі үш формасын айқындауға болады: біріншісі – жаңашылдыққа қарсылық көрсете отырып, оны теріске шығару және ескі тәртіпке сүйену; екіншісі – жаңашылдыққа бейімделе отырып, ескі дәстүрді бұзу; үшіншісі – жаңашылдықты өзгерте отырып, оны дәстүрге сиятындай қалыпқа келтіру.

Егер мәдени Жаңашылдық қоғамға тереңінен сіңіп, ал мемлекет – дәстүрдің сақтаушысы болса, онда бұл талас соңғысының мүддесіне шешілмейді. Қазақстандық қоғамда ұлттық дәстүрді қайта жандандыру бұқаралық сипат ала алған жоқ. Сондықтан тұрғындардың басым бөлігі дәстүрлі қалыптарды бұза отырып, нарыққа бейімделу барысында жаңашылдықпен таңсық атаулының барлығын байыбына барып сараламай қабылдауда немесе жөн-жосықсыз жұтуда. Тұрғындардың келесі бір бөлігі – орта және онан жоғары буын өкілдері реформаға қарсы шығып, ескіні қайтаруды талап етіп, дәстүршілдікті көксейді. Жаңа жағдайға тез бейімделе алғандар – негізінен қала жастары. Бірақ бұл жерде жаңашылдық дәстүрге сай формаларға бейімделген. Бұл қоғамда мәңгірттену үрдісінің етек алып келе жатқандығын байқатады [20].

XX ғасырдың ортасына дейін дәстүрлердің барлығы, инновацияны мүлде қабылдамайтын, тек тежеуші күш деп саналған. М. Вебердің көзқарасы үстем болды. Батыс мәдениеттануы қоғамдарды дәстүрлі және модернистік қоғамдар деп бөлді. Кеңестік кезеңнен кейінгі ғылымда белгілі бір дәрежеде бұл дилемма толығымен қабылданбайды. Себебі, дәстүр мәдени құндылықтарды тасымалдау беру механизм-

дерімен, яғни мәдениеттің өз қызметімен теңестіріледі [21, 22 б.].

Дәстүр мен модернизацияны абсолютті түрде қарама-қарсы қою мәдениеттің дамуындағы өзара әрекеттесу мен өзара алмасудың барлық күрделі механизмін, табиғатын ата алмайды. Осы орайда, шартты түрде жаратылыстанушылық термин – «гомеостазисті» қолдануға болады. Мәдени қозғалыстың мақсаты этномәдениеттің тұрақтылығын сақтау болып табылады, бірақ бұған ішкі және сыртқы параметрлерді тұрақты өзгерту жолымен жетуге болады. Күнделікті тұрмыстық санада дәстүрлерді, әдет-ғұрыптармен, рәсімдермен т.б. теңестіреді. Бұл – дәстүрдің бір жағы ғана. Екінші жағы мәдени шығармашылықпен, креативтілікпен байланысты (С. Эйзенштадт) [22, 159 б.]. Қазақстан мәдениеттану әдебиетінде мынадай да анықтаманы кездестіруге болады: «Дәстүрлер, деп жазады М.Х. Балтабаев, – бұл ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын және белгілі бір қоғамдастықтарда, әлеуметтік топтарда ұзақ уақыт бойы сақталынып келетін әлеуметтік-мәдени мұралар. Дәстүрлерге деген менсінбеушілік көзқарас қоғам мен мәдениеттің дамуы мен сабақтастығын бұзуға, адамзаттық бағалы жетістіктерден айырылуына алып келді. Дәстүрлерге көзсіз бас ұру қоғам өміріндегі консерватизм мен тоқырауға алып келеді». Дәстүрлер мәдениеттің тұрақты ішкі ядросын құрайтындықтан, мәдениеттанулық рефлексияға талдау жасамай, айналып өтуге болмайды. Адам белгілі бір этникалық дәстүрлердің әрекет етуі өрісінде болады. Ана тілін білмеген ортада да адамзаттық мәдениет ықпалының өрісінен шыға алмайды. (ирландықтар, шотландықтар, аустралиялықтар негізінен ағылшын тілінде сөйлегенімен, этникалық тегінен айырылған жоқ). Дәстүрлердің өзгеруі – этникалық мәдениеттегі өзгерістерді білдіреді. Мәдениеттің тұрақтылығын және инерттілігін қамтамасыз ететін – бұл дәстүр. Дәстүр – бұл ұрпақтан ұрпаққа өзгермей, сол қалпында беріліп отыратын мәдени мұра (идеялар, құндылықтар, әдет-ғұрып, рәсімдер, т.б.) элементтері. Дәстүр мәдениеттің барлық формаларында бар, мысалы, ғылыми дәстүр, діни дәстүр, ұлттық дәстүр, еңбек дәстүрі, ұнамдылық дәстүрі және т.б. Осы дәстүрлердің арқасында жас буын ештеңені де ойлап таппай, адамзат тәжірибесі арқылы қол жеткізген, уақыт илегінен өткен жетістіктерді игеріп, оларды ары қарай позитивті түрде дамытуы қажет [23].

Дәстүрлер жүйесі қоғамдық организмнің тұтастығын, тұрақтылығын, табандылығын бейнелейді. Ол жүйеге дөрекілікпен араласудың қажеті жоқ, өйтпеген жағдайда бұл жүйенің үйлесімділігін бұзып, мәдениеттің маңызды механизмдерін зақымдайды, сөйтіп, жүйені ауруға ұшыратады. Сонымен қатар, мәдениет жаңармай да өмір сүре алмайды. Өзгеріс және шығармашылық қоғам дамуының екінші бір жағы болып табылады. Жаңашылдық (инновация) мәдениеттің жаңару тәсілі. Дәстүрлік пен жаңашылдықтың бірлігі әрбір мәдениеттің әмбебапты мінездемесін қамтамасыз етеді [24, 543 б.].

Этномәдениетке деген диахронды және синхронды талдау жүргізудің өзі дәстүр мен инновациялардың арақатынасы мәселелерін алдыңғы қатарға шығаруда. Сөздің кен мағынасында мәдениет дегеніміз адамның болмыс тәсілі және осы болмыс ұрпақтар сабақтастығымен, қоршаған шындықты игерудің әлеуметтік мәдени тәжірибелерімен анықталады. Тіл мен мәдениет өздерінің бастауын әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерден алады [25, 8 б.].

Әсіресе алғашқы тұрмыстық мәдениеттегі дәстүрлердің позициясы өте күшті. Жазу-сызудың әлі пайда болмаған жағдайында мәдени сабақтастық әдет-ғұрыптарға, жөн-жораларға, рәсімдерге арқа сүйеді. Дәстүрлі мәдениеттің осы бір ерекшеліктеріне американ этнографы Маргарет Мид назар аударып, оны постфигуративті мәдениет деп атайды. Бұл мәдениетте дәстүрлер өзіндік мәнге ие болады, ұрпақтар байланысы үлкеннен кішіге қарай жүреді, болашақ біріңғай өткенмен айқындалады. Жүздеген, тіпті мыңдаған жылдар өтеді, бірақ, ай астында барлығы да көне қалпында. Постфигуративті мәдениеттің өкілі «менің әкелерім, ата-бабаларым қалай істесе, мен де солай істеймін» деп мәлімдейді.

Алайда, мәдениеттегі дәстүршілдік тоқырағандықтың және алғашқы тұрмыстылықтың көрінісі емес. Қайта керісінше этномәдениеттің тамырларын нақ осы дәстүршілдік кезеңнен іздеу керек, оның архетиптері осы тарихи кезеңде жатыр. Дүниетанымдық типтердің алмасуын мәдениеттанушылық әдебиетте белгілі қазақстан мәдениеттанушысы Т.Х. Ғабитов қазақ халқының рухани мәдениетін үш кезеңге бөліп қарайды: мифтік, дәстүрлі және инновациялық [26, 180 б.].

Екі ғасырға жуық уақыт ішінде Ресей империясының құрамында қазақтың дәстүрлі мәдениеті отаршылдық саясат пен батыстық

экспансияның әсерінен елеулі трансформациялық процестерді басынан кешірді. Дәстүрлі мәдениеттің ерекшелігін жоғалтпай оны толығымен қамту үшін Т.Х. Ғабитов өзінің монографиясында «мәдениеттер типологиясы» әдісін пайдалана отырып, төмендегідей типтік бітімдерін ұсынады:

- шаруашылық мәдени типологиясы;
- әлеуметтік типологиясы;
- діни дүниетанымдық типологиясы;
- көркем өнер типологиясы.

Шаруашылық-мәдени тип ұғымы мәдениеттанудағы хронотоп түсінігіне жақын, ол әлеуметтік-экономикалық дамудың бір деңгейінде тұрған қауымдастықтардың ұқсас табиғи ортадағы тарихи қалыптасқан біртектес шаруашылық пен мәдениет жүйесін бейнелейді.

Қазақстан территориясы адамзаттың ертедегі дәуірлерінен, дәлірек айтқанда «біздің» заманымызға дейінгі мыңжылдықтың басынан бастап XX ғасырға дейін еуразиялық номадизмнің эпицентрі болып қызмет етіп келді. Мұндағы «Еуразия» деп аталатын шартты тарихи-географиялық термин – Орталық Азияның негізгі территориясы, оның ядросы Карпаттан Алтайға дейін созылып жатқан Ұлы дала деп аталатын кеңістік. Адамзат баласының тарихындағы ең ұзақ жасаған (үш мың жыл) әлеуметтік тарихи формацияның, «атты көшпелі өркениеттің» [М. Әуезов, С. Ақатай] немесе «далалық өркениеттің» [А. Қасымжанов] өн бойында осы территорияны мекендеген көшпелі этностардың үздік жетістіктерін бойына сіңіре отырып, өзіндік көшпелі шаруашылық-мәдени дәстүрін сақтап қалған бірден-бір халықтардың бірі – қазақтар. Сондықтан да олардың дәстүрлі этномәдениетінің негізгі архетипі – көшпенділік. Еуропалық әдебиетте көшпенділерді мәдениеттен жұрдай «варварларға» теңеп, бау-бақшаны жалмап жеп қоятын шегірткелермен салыстырса, ал кейбір авторлар олардың адамзаттық тарихтағы алатын орнын ерекше бағалайды. Мысалы, көшпенділер – кеңістіктегі «мәдени катализаторлар» [А. Вебер], «тарихтың дырау қамшысы» [В.О. Ключевский], «тарихи қажеттіліктің арбақештері» [А. Сейдімбек], «тарихтың өн бойында қозғалатын ферменттер, тарихи қозғалыс пен дамудың органдары мен құралдары» [Г. Гачев] [27, 106 б.]. Мобильді өмір сүру тәртібінің нәтижесінде көшпенділер құрлықтың алып кеңістіктерін – Еуразияның далалы аймақтары мен Орта Азияның, Арабияның, Солтүстік Африканың шөлді аймақтарынан бастап, азиялық және америкалық тундраның қиыр

солтүстіктеріне дейінгі жерлерді игерді. Көшпелі тайпалардың өте кең амплитудасымен соған сәйкес олардың мәдениетінің таралуы Еуропа, Азия, Африка және Америка халықтарының қалыптасуына ықпалын тигізді. Үндіеуропалық, алтайлық, афроазиялық тіл семьяларының қалыптасуы көшпенділердің құрғақ зоналар кеңістігінде қоңыс аударуларымен тікелей байланысты [28, 47 б.].

Осы уақытқа дейін көшпелі өмір салтының пайда болған Отаны туралы ғылымда бір пәтуаға келген тұжырым жоқ. Бұл ретте ғалымдардың бір тобы көшпенділердің отанын Алтай маңы деп есептеп, мұндай өмір-салт негізінен батысқа қарай жайылды, шығысында іргелес жатқан моңғолдар мен шүршіттерді (Маньчжурия) ғана шарпыды дейді. Тарихшы ғалымдардың келесі бір тобы көшпелі өмір салты батыстан шығысқа қарай жайылды деген пікірді орнықтырғысы келеді. Бұлардың ойынша, дамудың бір саты жоғары үлгісі болып табылатын көшпенділік байырғы үндіеуропалықтардың «мәдени тегеурінің» нәтижесі көрінеді, оған дәлел ретінде «түрік» этнонимінің шығу төркіні иран тілінен («тур») ауысқан деген болжамды ұсынады. Әлемдегі ең ірі Еуразия құрлығындағы Хинган мен Карпат тауларының аралығын алып жатқан Ұлы дала кеңістігі табиғи географиялық бітім қасиеті жағынан аз күш жұмсап, мол өнім алуға қолжеткізетін көшпелі өмір салттың кіндік мекені даусыз. Мұны табиғатпен тіл табыса орныққан тамаша салт-дәстүрлерімен де дәлелдейді. Мысалы, қазіргі қазақтардың отырықшылыққа өтуімен экономикалық өмірі өзгергенімен А. Қасабектің айтуынша, «халықтың психологиясы бұрынғы әдетінше байтақ кең далаға өз меншігіндей қарайды және бұл түсінік қазақ рухының мәні мен өзегі болып табылады» [29, 32-39 бб.]. Дәстүрлі қазақ қоғамында ұрпақтар арасында сақталып келген тарихи-мирастық сабақтастық (диахронды вертикалды) осы өмір сүру үрдісінің (көшпенділіктің) автохондығы мен гомогендігін растайды.

Дәстүр» және «жаңашылдық» мәселесі ғылымда маңызды мәселелердің бірі болып саналады. Сонымен қатар, бұл мәселе қазақ халық

философиясында да үлкен даналықпен шешімін тапқанын білеміз. Ол қазақтың «Әдеттің озығы да бар, тозығы да бар» деген қанатты сөзі. Ендеше қазіргі терминдерді қолданып «дәстүрдің озығы да бар, тозығы да бар» деуімізге болатын шығар. Яғни дәстүрдің «озығы» – оның ең киелі, күшті жерлері, ішкі тылсым ұлттық идеяны» білдіріп тұрған, соны іске асыруға бейімделу барысында туған асыл қасиеттер жинағы (былайша айтқанда, ұлттық рухтың мәні, қаймағы», жүрегі, ділі). Ал «тозық» – жабысқан жат мінез (Өзгеден жұққан да, өзінің де тауып алғаны), сол сияқты «тозыққа», біздіңше, дәл осы бір тарихи кезеңде өзекті емес, маңызы шамалы ұлт мінездері, әдеттері кіреді. Формациялық және мәдениеттің прогрессивтік философиясы теориясы жолында кездескен қиындықтарды кейде түсіндіру мүмкін емес [30, 3-32 бб.]. Өткен кезеңде орын алған кейбір құндылықтар мәнісін кейінгі кезеңнің рухани өмір саласында өз функционалдығын жоғалтпаған. Кейбір түсініктер мен ойлау типтері (миф және дін) ғылыми тұрғыда түсіндірілгендігіне қарамастан, қоғамдық сананы әлі де билеп тұр. Әлеуметтік және мәдени институттар өзгерістерге ұшырағанмен де, дамудың жоғары сатысына жетсек те өткенге қайта оралып жатамыз?! Бұл теориялық шырмаудан шығу үшін «дәстүр» түсінігін әлі де талдау қажет. Себебі, мәдениет детерминациясында жалпы әлеуметтік және әлеуметтік-экономикалық фактордан өзге, қоғамда формациялық фактордың өзгерісіне қарамастан сабақтастық бар. Дегенмен инновациядан бас тарту арқылы жүзеге асатын ортақ құндылықтар жүйесінің консервациясы, діннің және идеологияның догматизациясы, көркемдік өмірдің канонизациясы жалпы қоғамның тоқырауға ұшырауына әкелетіні анық. Осы орайда, қоғам рухани және әлеуметтік өміріне еш өзгерістер енбеген кейпінде онжылдап, тіпті, ғасырлап тұруы мүмкін. Әрине, кезеңдік өзгерістер болғанымен, олар ілгерілеуге әкелмейді. Мәдениет деңгейін, тұрақтылығын қамтамасыз ететін кез келген дәстүрді дамусыз, мәдени тәжірибенің жаңаруынсыз, инновациясыз елестету мүмкін емес.

Әдебиеттер

- 1 Aljanova N., Borbassova K., Rysbekova Sh. A Semiotic Analysis of the Yurt, Clothing and Food Eating Habits in Kazakh Traditional Cultures The International Journal of Critical Cultural Studies. Volume 14, Issue 1, 2015. 27-36 pp.
- 2 Грушевицкая Т.Г. Инкультурация и социализация // [www.countries.ru /library/ intercult/ mkis.htm](http://www.countries.ru/library/intercult/mkis.htm)
- 3 Alimzhanova, A.S., Aldamergenova, G.T., Mantayeva, T.S., Gabitov, T.H. Kazakhstan: The choice of civilizational priorities Mediterranean Journal of Social Sciences, 2015.

- 4 Кребер, А.Л., & Клакхон, К. // Culture: A critical review of concepts and definitions. New York, Random House, 1952. 238 p.
- 5 Краткий словарь современных понятий и терминов / под общей ред. В.А. Макаренко. – М., 2002. – 138 с.
- 6 Барцель А. Значение технологической культуры и техноэтики // «Вестник высшей школы». – 1991. – № 12.
- 7 Margaret M. Culture and Commitment, 1970. – 123-128 pp.
- 8 Құрманбаева Н.М. Культура Востока и Запада: проблемы интеграции. – Алматы: Бастау, 2000. – 247 с.
- 9 Арнольд Тойнби. A Study of History – Oxford University Press, 1934 – 736 p.
- 10 Саид Мохаммад Хатами. Традиция и мысль во власти авторитаризма / Пер. с персидского Х. Вахриза. – М.: Изд-во Моск. ун-та, 2001. – 288 с.
- 11 Шилз Э. «Массовое общество» и его культура // Кукаркин А.В. Буржуазная массовая культура. – М.: Политиздат, 1985. – 399 с.
- 12 Габитов Т., Мүталіпов Ж., Құлсариева А. Мәдениеттану негіздері. – Алматы: Дәнекер, 2000. – 180 с.
- 13 Кессиди Ф.Х. Глобализация и культурная идентичность //Центральная Азия и культура мира. – Бишкек, 2000. – №1-2 (8-9). – 106 с.
- 14 Малинин Г. Переоценка ценностей и идентификационные процессы в Казахстане // Мысль. – 1998. – № 1. – 30-34 с.
- 15 Moldagaliyev, B., Gabitov, T., Kulsariyeva, A., Baydarov, E. Transformation of cultural policy in the context dichotomy «East – West»// 2ND WORLD CONFERENCE ON PSYCHOLOGY AND SOCIOLOGY (PSYSOC 2013), 2013. Tom-140. – 700-703 pp.
- 16 Gabitov, T. Kh., National idea in the context of dialog of cultures // VOPROSY FILOSOFII. 2013, – 49-57 pp.
- 17 Кошкина А. Традиции и инновации формирования культуры нового поколения. – Нефтеюганск, 2013. – 1-6 с.
- 18 Крючкова С.Е. Инновации: философско-методологический анализ. – М., 2000. – С. 32.
- 19 Baitenova N. East-West: the basic tendencies of world philosophy // FILOZOFIA. 2004. – 59. 75-80 pp.
- 20 Kulsariyeva A. Socioeconomic problems of intellectual nation formation in Kazakhstan
- 21 Агранович В.Б. Инновации в транзитивном обществе: социально-философский анализ: автореф. дисс... канд. филос. н. – Томск, 2007. – С.22.
- 22 Мухамеджанова Н.М. Специфика взаимодействия традиций и новаций в российской культуре в периоды модернизационных преобразований // Вестник Оренбургского государственного университета. – 2006. – № 7. – С. 159.
- 23 Aubakirova, S.S., Ismagambetova, Z.N., Karabayeva, A.G., Akhmetova, G.G. Tolerance in contemporary Kazakhstan sociocultural space // European Journal of Science and Theology. 2014.
- 24 Гофман А.Б. Традиции и инновации в современной России. Социологический анализ взаимодействия и динамики. – М.: Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН). – 2008. – 543 с.
- 25 Спиркин А.Г. Человек, культура, традиции // Традиции в истории культуры. – М., 1978. – С. 8.
- 26 Gadamer H. Dialogue and dialectic, N.Y.-L., 1980
- 27 Маркарян Э. С. Интегративные тенденции во взаимодействии общественных и естественных наук. – Ереван, 1977.
- 28 Копанев В.Н. Диалектика традиций и новаторства в становлении традиционного типа культуры. – Л., 1982. – С. 47.
- 29 Gabitov T., Kulsariyeva A., Sultanbayeva G., Zhanabaeva D., Zhumashova Zh. National Culture: Tradition and Innovation (On the Basis of Semiotic Analysis of Kazakhstan's Capital) // Procedia – Social and Behavioral Sciences. Volume 81, 28 June 2013, 32-39 pp.
- 30 Charles M. Keller & Janet Dixon Keller Imagery in cultural tradition and innovation // Mind, Culture, and Activity. 2009. – 3-32 pp.

References

- 1 Aljanova N., Borbassova K., Rysbekova Sh. A Semiotic Analysis of the Yurt, Clothing and Food Eating Habits in Kazakh Traditional Cultures The International Journal of Critical Cultural Studies. Volume 14, Issue 1, 2015. 27-36 pp.
- 2 2. Grushevitskaya TG Inkulturation and socialization // www.countries.ru / library / intercult / mkis.htm
- 3 3. Alimzhanova, A.S., Aldambergenova, G.T., Mantayeva, T.S., Gabitov, T.H. Kazakhstan: The choice of civilizational priorities of the Mediterranean Journal of Social Sciences, 2015.
- 4 4. Kreber, AL, & Clackhon, K. // Culture: A critical review of concepts and definitions. New York, Random House, 1952. 238 p.
- 5 5. A brief dictionary of modern concepts and terms. Under the general ed. V.A. Makarenko, 2002, 138 p.
- 6 6. Bartsel A. The Meaning of Technological Culture and Technoethics // Vestnik vysshego shkoly, 1991, No. 12
- 7 7. Margaret M. Culture and Commitment, 1970.-123-128 pp.
- 8 8. N.M. N.M. N.M. Culture of the East and West: problems of integration. - Almaty: Bastau, 2000. - 247 p.
- 9 9. Arnold Toynbee. A Study of History - Oxford University Press 1934 - 736 p.
- 10 10. Said Mohammad Khatami. Tradition and thought are dominated by authoritarianism / Trans. With the Persian H. Vahriz. - Moscow: Izd-vo Mosk. University, 2001. - 288 p.
- 11 11. Shils E. «Mass Society» and its culture // Kukarkin A.V. Bourgeois mass culture. - Moscow: Politizdat, 1985. - 399 p.
- 12 12. Kabitov T., Matalipov Zh., Құлсариева А, Madenietanu negizderi. - Almaty: Dunecker, 2000. - 180 p.
- 13 13. Kessidi F.H. Globalization and Cultural Identity // Central Asia and the Culture of Peace. - Bishkek, 2000. - № 1-2 (8-9), 106 with.
- 14 14. Malinin G. Revaluation of values and identification processes in Kazakhstan. - Thought. - 1998. - No. 1. -30-34 s

- 15 15. Moldagaliyev, B., Gabitov, T., Kulsariyeva, A., Baydarov, E. Transformation of the cultural policy in the context of the dichotomy «East-West» // 2ND WORLD CONFERENCE ON PSYCHOLOGY AND SOCIOLOGY (PSYSOC 2013), 2013. Tom-140. - 700-703 pp.
- 16 16. Gabitov, T. Kh., National idea in the context of dialog of cultures // VOPROSY FILOSOFII. 2013, - 49-57 pp.
- 17 17. Koshkina A. Traditions and innovations in the formation of a new generation of culture. Nefteyugansk, 2013. - 1-6 with.
- 18 18. Kryuchkova S.E. Innovations: philosophical and methodological analysis. - M., 2000.-С. 32.
- 19 19. Baitenova N. East-West: the basic tendencies of world philosophy // FILOZOFIA. 2004. - 59. 75-80 pp.
- 20 20. Kulsariyeva A. Socioeconomic problems of the intellectual nation formation in Kazakhstan
- 21 21. Agranovich V.B. Innovations in a Transitive Society: Socio-Philosophical Analysis: Abstract. Diss ... Cand. Philos. N. - Tomsk, 2007. - P.22.
- 22 22. Mukhamedzhanova N.M. Specificity of interaction between traditions and innovations in Russian culture during the periods of modernization transformations // Bulletin of the Orenburg State University. - 2006. - No. 7. - P. 159.
- 23 23. Aubakirova, S.S., Ismagambetova, Z.N., Karabayeva, A.G., Akhmetova, G.G. Tolerance in contemporary Kazakhstan sociocultural space // European Journal of Science and Theology. 2014.
- 24 24. A.B. Hoffmann. Traditions and innovations in modern Russia. Sociological analysis of interaction and dynamics. - Moscow: The Russian Political Encyclopedia (ROSSPEN). - 543 s .. 2008
- 25 25. Spirkin AG Man, culture, traditions // Traditions in the history of culture. - M., 1978. - P. 8.
- 26 26. Gadamer H. Dialogue and dialectic, N.Y.- L., 1980
- 27 27. Markaryan ES Integrative tendencies in the interaction of social and natural sciences. - Yerevan, 1977.
- 28 28. Kopanev VN Dialectics of traditions and innovation in the development of the traditional type of culture. - L., 1982. - P. 47.
- 29 29. Gabitov T., Kulsariyeva A., Sultanbayeva G., Zhanabaeva D., Zhumashova Zh. National Culture: Tradition and Innovation (On the Basis of Semiotic Analysis of Kazakhstan's Capital) // Procedia - Social and Behavioral Sciences. Volume 81, 28 June 2013, 32-39 pp.
- 30 30. Charles M. Keller & Janet Dixon Keller Imagery in the cultural tradition and innovation // Mind, Culture, and Activity. 2009. 3-32 pp.